

## "Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 04 наурыздағы № 862 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 31 наурызда № 4930 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 19 мамырдағы № 461 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 19.05.2016 № 461 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына және "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса берілген "Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
2. "Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің  
2015 жылғы "4" наурыздағы  
№ 862 қаулысымен бекітілген

## **"Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) Қызылорда облысының аумағында қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы іс – шараларды жүзеге асыру функцияларын орындауда

басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды болып табылады.

2. Басқармада ведомстволар жоқ.

3. Басқарманың құрылтайшысы Қызылорда облысының әкімдігі болып табылады. Басқармаға қатысты коммуналдық менишік құқығы субъектісінің құқықтарын "Қызылорда облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

4. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, езге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

5. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

6. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

7. Басқарма егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

8. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

9. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

10. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 120003, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыш 1.

11. Мемлекеттік органдың толық атауы - "Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

12. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

13. Басқарманың қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

14. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Басқарманың миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

15. Басқарманың миссиясы: қазіргі және болашақ үрпақтың қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін қоршаған ортаны сақтау, қалпына келтіру және сапасын жақсарту, облыстың орнықты дамуға көшуін қамтамасыз ету жөнінде жағдайлар жасау.

16. Негізгі міндеттері:

- 1) қоршаған ортаны қорғау;
- 2) су қорын пайдалану және қорғау;
- 3) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру;
- 4) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану;
- 5) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану;
- 6) мемлекеттік экологиялық сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу;
- 7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамада қарастырылған өзге де міндеттерді атқарады.

17. Функциялары:

- 1) мемлекеттік орман саясатын қалыптастыру және оны іске асыру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдауға қатысады;
- 2) ормандарды күзетуді, қорғауды, молықтыру мен орман өсіруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, өзінің функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры аумағында орман пайдалануды реттейді;
- 3) мемлекеттік орман қоры аумағында ормандағы өрттердің алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралардың жыл сайынғы жоспарларын өзірлейді, бекітеді және іске асырады;
- 4) жеке және заңды тұлғаларды, сондай-ақ ұйымдардың өрт сөндіру техникаларын, көліктері мен басқа да құралдарын ормандағы өрттерді сөндіруге тарту тәртібін өзірлейді, осы жұмысқа тартылған жеке тұлғаларды жүріп-тұру, өрт сөндіру құралдарымен, тамақпен және медициналық көмекпен қамтамасыз етеді;
- 5) Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес өртке қарсы ерікті құрылымдардың жұмыс істеуіне жәрдемдеседі;
- 6) орманда өрт қаупі болатын маусымда мемлекеттік орман қоры аумағында өрттерді сөндіру үшін жанар-жағар май материалдарының резервін жасайды;
- 7) шаруа және фермер қожалықтары мен өзге де ауыл шаруашылығы үйымдарының орман қорына іргелес аумақтардағы ауыл шаруашылығы алқаптарында, жайылымдық және шабындық жерлерде сабантүбін, аңыздарды

және өзге де өсімдік қалдықтарын өртеуіне, қау шебін өртеуіне бақылау жасауды қамтамасыз етеді;

8) өртке қарсы насиҳатты, бұқаралық ақпарат құралдарында ормандарды сақтау, ормандарда өрт қауіпсіздігі ережелерін орындау туралы мәселелердің турақты берілуін ұйымдастырады;

9) облыс аумағында ормандағы өртке қарсы күрес жөніндегі жұмыстарды үйлестіреді, қажет болған жағдайда осы мақсатта арнайы комиссиялар құрады;

10) орман қоры аумағында орман зиянкестерімен және ауруларымен құресті және орманның санитарлық жай-күйін жақсарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

11) орман зиянкестері мен ауруларына қарсы қуресте авиахимиялық, авиабиологиялық және аэrozольдық іс-шаралар жүргізген кезде, сондай-ақ орманда өрт қаупі жоғары болып тұрған кезендерде жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тығым салу туралы, орман пайдалану құқығын шектеу туралы шешім қабылдау үшін облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;

12) уәкілетті органга беру үшін өзінің функционалдық қарауындағы орман қорының мемлекеттік есебі, мемлекеттік орман кадастры, мемлекеттік орман мониторингі жөнінде материалдар әзірлейді;

13) өзінің функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры участеклерінде аяқталған объектілерді және орман шаруашылығы іс-шараларын жүргізу нәтижесінде өндірілген дайын өнімдерді қабылдайды;

14) мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерінің (сүректі түбірімен босату үшін мөлшерлемелерді қоспағанда) жобаларын әзірлейді;

15) уәкілетті органның және облыстың жергілікті өкілді органының қатысуымен өзінің қарауындағы мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді пайдалануға беру жөнінде тендерлер ұйымдастырады және өткізеді;

16) өзінің функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман пайдалану құқығын, сондай-ақ ормандардың жай-күйіне және молықтырылуына қауіп тәндіретін жұмыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтата тұрады, шектейді, тоқтатады;

17) орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген, өз қарауындағы мемлекеттік орман қоры жерлерінде орман пайдаланушыларға құрылыш объектілерін салуға участеклер береді және осы участеклерді осындағы объектілер салу үшін пайдалануға рұқсат береді;

- 18) мемлекеттік орман қоры участекерінде ұзак мерзімді орман пайдалану шартын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады;
- 19) коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыштарын басқарады, оларды қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;
- 20) мемлекеттік меншіктегі су шаруашылығы құрылыштарының есебін жүргізеді, иесіз су шаруашылығы құрылыштары табылған жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген рәсімдерді жүргізеді;
- 21) су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- 22) бассейндік су шаруашылығы басқармаларымен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша ауыз сумен жабдықтау көздерінің су қорғау аймақтарын, белдеулерін және санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;
- 23) бассейндік су шаруашылығы басқармаларының келісімімен су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;
- 24) конкурстық негізде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен су объектілерін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға береді;
- 25) бассейндік кенестердің жұмысына және бассейндік келісімге қатысады, су объектілерін ұтымды пайдалану және қорғау, елді мекендерді сумен жабдықтау, су бұру жөніндегі ұсыныстарды бассейндік кенестердің қарауына енгізеді, бассейндік кенестердің ұсынымдарын зерделейді, оларды іске асыру жөнінде шаралар қолданады;
- 26) су объектілерін ұтымды пайдалану және қорғау, елді мекендерді сумен жабдықтау, су бұру жөніндегі, оның ішінде жерді гидромелиорациялау, су шаруашылығы жүйелері мен құрылыштарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- 27) судың жай-қүйіне әсер ететін кәсіпорындармен басқа да құрылыштарды орналастыруды және пайдалануға беруді, сондай-ақ су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыш, түбін тереңдету және басқа да жұмыстарды жүргізу шарттарын келіседі;
- 28) тиісті аумақтарда су шаруашылығы жүйелері мен құрылыштарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешеді;
- 29) су шаруашылығы құрылыштарындағы авариялардың зардалтарын жою жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;
- 30) тиісті аумақтарда орналасқан су объектілерінің, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жай-қүйі туралы халықты хабардар етуді жүзеге асырады;
- 31) жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы

ставкаларын әзірлейді;

32) мемлекеттік табиғи – қорық қорының объектілерін сақтау мен күтіп ұстай ережелерін облыстық мәслихаттың бекітуіне ұсыну;

33) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

34) құзыretі шегінде қоршаған ортаны қорғау саласында келісімдер мен меморандумдар жасасады;

35) жобалау-сметалық құжаттама бойынша жүргізілген мемлекеттік экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық сараптамалардың, сондай-ақ , ведомстводан тыс кешенді сараптама қорытындыларының негізінде, өз құзыretі шегінде кәсіпорындарды, құрылыштарды және өзге де объектілерді салуға, реконструкциялауға (кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға) немесе құрделі жөндеуге тыйым салады немесе рұқсат береді;

36) өз құзыretі шегінде шаруашылық қызмет объектілерінің мемлекеттік экологиялық сараптамасын ұйымдастырады және жүргізеді;

37) өз құзыretі шегінде қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар береді, оларда қоршаған ортаға эмиссияларға лимиттер белгілейді;

38) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезінде қоғамдық тындаулар ұйымдастырады;

39) қоршаған ортаны қорғау саласында құжаттар әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізеді, мұндай құжаттардың бастамашылық жобаларын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қарауына береді;

40) қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын сыртқы сарапшыларды (жеке және занды тұлғаларды) сараптамалық жұмыстар жүргізуге тартады;

41) өз құзыretі шегінде қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін әзірлейді;

42) қалдықтарды жою және орналастыру жөніндегі объектілерді салуды қамтамасыз етеді;

43) коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

44) қалдықтардың пайда болу көлемдерін бақылауды жүзеге асырады және қалдықтардың пайда болу көлемдерін азайтуға, олардың қайтадан немесе баламалы түрде пайдаланылу деңгейін арттыруға және көмілуге тиіс қалдықтар көлемін қысқартуға бағытталған іс-шаралар мен экономикалық ынталандырулар әзірлейді;

45) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен табиғи ресурстарды табиғат пайдалануға беру туралы шешім қабылдайды;

46) тиісті аумақта тұрған табиғат объектілерінің жай-күйі туралы халықты хабардар етуді жүзеге асырады;

47) қоғамдық экологиялық сараптама жүргізудің тіркелуін жүзеге асырады;

48) қоршаған ортаны қорғау саласындағы инвестициялық жобаларды өзірлейді және оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсынады;

49) өз құзыреті шегінде табиғат қорғау іс-шараларының жоспарларын келіседі;

50) парниктік газдар шығарындыларын азайту мен оларды сіңіру жөніндегі жобаларды өзірлейді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келіседі;

**51) алғыншылдар - Қызылорда облысы әкімдігінің 07.04.2016 № 429 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған қунінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

52) өз құзыреті шегінде II, III және IV санат объектілерінің мемлекеттік экологиялық сараптамасын ұйымдастырады, табиғат пайдаланушыларға II, III және IV санат объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар береді, табиғат қорғау іс-шараларын жүргізеді, табиғат пайдалануды реттейді;

53) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

54) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі өзінің ведомстволық бағыныстағы органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіруді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

55) жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) участкерінің тізбесін бекіту туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын өзірлейді;

56) жануарлар дүниесін пайдаланушыларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) участкерін бекітіп беру мен аңшылық және балық шаруашылықтарының қажеттіліктері үшін сервитуттарды белгілеу жөнінде шешімдер қабылдау туралы ұсыныстар өзірлейді;

57) жануарларға ауырып қалған, бекітіліп берілмеген аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) участкерінде олардың қырылу қаупі төнген жағдайда оларға көмек көрсету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;

58) аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары үшін жануарлар дүниесін пайдаланушыларға аңшылық алқаптарды бекітіп беру бойынша конкурстар өткізеді;

59) бір облыстың аумағында орналасқан, халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарын бекітіп беру бойынша конкурстар өткізеді;

60) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін

интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру, сондай-ақ қолдан өсіру жөніндегі қызметті ұйымдастырады;

61) аңшылық алқаптарының резервтік қорында жануарлар дүниесін қорғауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

62) балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) участеклерінің резервтік қорын қорғауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

63) ғылыми ұсынымдар негізінде балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) участеклерін паспорттауды жүргізеді;

64) рекреациялық балық аулау аймағын белгілеу туралы ұсыныстар әзірлейді;

65) балық шаруашылығы участеклерінің шекараларын белгілеу, ұйықтарды (ұйықтық участеклерді) ашу және жабу туралы ұсыныстар әзірлейді;

66) екі және одан да көп облыс аумағында орналасқан балық шаруашылығы су айдындарында ғылыми-зерттеу үшін аулау, сондай-ақ сирек кездесетін және құрып бара жатқан жануарлар түрін қоспағанда, жануарлар әлемін пайдалануға рұқсат береді;

67) республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесі мен экологиялық желілерді дамыту, республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі ұсыныстарды уәкілетті органға енгізеді;

68) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

69) жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану - ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді ұйымдастырады және оларға мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуді қамтамасыз етеді;

70) жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесін, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді бекітеді;

71) уәкілетті органмен келісе отырып, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөнінде шешімдер қабылдау туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;

72) мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды функционалдық аймақтарға бөлудегі түзету жобаларын бекітеді;

73) өзінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару жоспарларын әзірлейді және бекітеді, оларды күзетуді, қорғауды және қалпына келтіруді, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізуді қамтамасыз етеді;

74) занды тұлға мәртебесі бар жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшерін бекіту туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;

75) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрын жүргізуге қатысады;

76) уәкілетті органмен келісе отырып, өзінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын әзірлейді және бекітеді және паспорттарды уәкілетті органға тіркеуге (қайта тіркеуге) береді;

77) облыстың елді мекендерінің шекаралары шегінде Қазақстан Республикасының орман қорына кірмейтін жасыл екпелерді егу, күтіп – ұстау және қорғау ережелерін облыстық мәслихатқа бекітуге ұсыну;

78) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау аймақтары шегінде осы аумақтардың экологиялық жүйелерінің, экологиялық дәліздердің жай-күйіне, сондай-ақ оларды қорғау және пайдалану режиміне теріс ететін қызметтің барлық түрін шектей отырып, осындай аймақтарды белгілеу жөнінде облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;

79) өзінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың және мемлекеттік табиғи - қорық қоры объектілерінің жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

80) жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштері аумағының шекарасын және қорғау режимінің түрлерін бекіту туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;

81) облыстың жергілікті өкілді органына жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем ставкаларын бекітуге ұсынады;

82) жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдарды тарату және олардың аумақтарын кішірейту туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;

83) құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі шаралар қолданады;

84) азаматтардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

85) өз құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;

86) қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламалар әзірлеуді ұйымдастырады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

87) коммуналдық қалдықтардың пайда болуы мен жинақталуы нормаларын әзірлейді және жергілікті өкілді органдарға бекітуге ұсынады;

87-1) коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласында қолданбалы

ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуді үйімдастырады;

87-2) коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидаларын бекіту туралы облыс әкімдігінің қаулы жобасын әзірлейді;

87-3) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың барлық түрін құру үшін жерді резервте қалдыру жөнінде шешімдер қабылдау туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;

87-4) су пайдаланушылар арасында су пайдалану лимиттерін бөлу туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;

87-5) жер қойнауын пайдаланумен байланысты, экологиялық және рекреациялық маңызы бар объектілердің сақталуына жәрдемдеседі;

88) жергілікті мемлекеттік басқару мұддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 17-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қызылорда облысы әкімдігінің 07.04.2016 № 429 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

18. Құқықтары мен міндеттері:

1) Басқарма өзіне жүктелген міндеттерді және өзінің функцияларын жүзеге асыру барысында заңнамада бекітілген тәртіппен:

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға;

өз құзіретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуге;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де құқықтарды атқаруға құқылы

2) Басқарма:

жеке және заңды тұлғалардың Басқармаға жолдаған өтініштерін қарайды, олардың орындалуын бақылайды, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен олар бойынша жауаптар береді;

жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды үйімдастырады;

заңды және негізделген шешімдер қабылдауға;

қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де міндеттерді іске асуруға міндетті.

### **3. Басқарманың қызметін үйімдастыру**

19. Басқармаға басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

20. Басқарманың бірінші басшысын облыс әкімі қызметке тағайындаиды және қызметтен босатады.

21. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

22. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттігі:

1) өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына есеп береді;

2) өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Басқарманы білдіреді;

3) еңбек қатынастары мәселелері өз құзыретіне жататын Басқарма қызметкерлерін заңнамаға сәйкес қызметке тағайындаиды және қызметтен босатады;

4) стратегиялық және бағдарламалық құжаттарының әзірленуін қамтамасыз етеді;

5) еңбек қатынастары мәселелері өз құзыретіне жататын Басқарма қызметкерлеріне заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданады және көтермелуе шараларын қабылдайды;

6) бұйрықтарға қол қояды;

7) Басқарма атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

8) шарттар жасасады;

9) сенімхаттар береді;

10) сыйбайлас жемқорлықта қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға дербес жауапты болады;

11) Басқарманың жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

12) облыс әкімдігі мен әкімінің актілері мен тапсырмаларын орындаиды;

13) Басқарманың құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

14) құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

15) қызметтік этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

16) гендерлік теңдік саясатын жүзеге асырады;

17) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесін бекітеді;

18) Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін

қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

23. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттігін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

24. Басқарманың жұмыс режимі:

1) Басқарма дүйсенбі және жұма аралығында аптасына 5 (бес) күн жұмыс істейді;

2) Басқарманың жұмыс уақыты жергілікті уақыт бойынша сағат 09.00 - дең сағат 19.00-ге дейін. Сағат 13.00-ден сағат 15.00-ге дейін үзіліс;

3) Басқарма сенбі және жексенбі күндері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мереке күндері жұмыс іstemейді.

25. Басқарма мен облыс әкімдігі арасындағы, Басқарманың әкімшілігі мен оның еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастар қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

#### **4. Басқарманың мүлкі**

26. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

27. Басқармаға бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

28. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату**

29. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма таратылған жағдайда оның мүлкін пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.